



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқық
және ұлттық құқық
1-бөлім



Халықаралық құқық ұлттық деңгейде қалай жұмыс істейтінін анық түсіну үшін, бұл тақырыптың практикалық маңызы зор. Осы тақырып аясында біз Ұлыбритания, АҚШ және басқа елдердің ұлттық соттары қараған үш кейсті талқылаймыз.

Жалпы теорияға сәйкес, әлемдегі барлық мемлекеттер тең құқықты және халықаралық құқықтың суверенді (тәуелсіз) субъектісі болып табылады. Дегенмен халықаралық қатынастардың дамығандығы соншалық, тіпті ең мықты мемлекеттер өзін толықтай тәуелсізбіз деп айта алмайды. Мысалы, халықаралық сауда және экология салалары бойынша өзара тәуелді болу салдарынан бір мемлекеттегі қабылданған шешім екінші мемлекеттің қоғамдық, экономикалық және экологиялық ахуалына әсер етпей қоймайды.

Бұл халықаралық құқық пен ішкі заңнаманың адам құқығы, экологиялық және халықаралық инвестициялық құқық секілді әртүрлі салалар бойынша өзара ықпалдастығын күшейтті. Өйткені мұнда мемлекеттік деңгейде және халықаралық деңгейде бірдей мәселелер реттеледі.

Ұлттық құқық мемлекет ішінде үкімет жұмысының аспектілерін реттейді және жекелеген тұлғалар, сондай-ақ, жекелеген тұлғалар мен әкімшілік аппарат арасында туындаған сұрақтарды реттейді. Ал халықаралық құқық, бәрінен бұрын, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа назар аударады.

Әрине, екі жүйе арасындағы өзара ықпалдастық кейде бірқатар мәселелерді тудырады. Мысалы, Ұлыбритания сотында қаралған Корольдік билік пен Джон арасындағы сот ісінде жауапкер қылмыстық жауапкершіліктен қорғану тәсілі ретінде халықаралық құқық нормаларын пайдаланды. Жауапкер осы арқылы өзінің анағұрлым ауыр, халықаралық қылмыстың алдын алғанына уәж айтып, қылмыстық жаза берілуі мүмкін өз әрекетін ақтағысы келді. Іс өте күрделі, бірнеше жылға созылды. Бірақ бұл жердегі біздің тақырыбымызға тікелей қатысты элемент мынау: жауапкердің әрекеті Англия және Уэльс құқығы бойынша Ұлыбританияның аумақтық суларында жасалған, ал халықаралық құқық бойынша ол сулар ашық теңіз саналады. Сот ақыры бұл жерде ешқандай қылмыстық құқықбұзушылық болмаған деген қорытындыға келді. Бұл іспен жақынырақ танысу үшін ашық ақпарат көздерінен, мысалы, Интернеттен «R v Jones» іздесеңіздер болады. Мұндағы R аббревиатурасы Rex – Рекс (Король), Regina-Регина (Королева), яғни Жоғары мәртебелінің Өкіметі деген сөзді білдіреді.

Теориялар

Біз алдыңғы дәрісте құқық идеялардың дамуындағы процестер мен тенденцияларды түсіндіретін құқық теориясы бойынша параллель жасаған едік. Малколм Шоу халықаралық құқық пен ұлттық құқықтық арақатынасы аясында да теорияға айрықша көңіл бөледі.

Өздеріңізге мәлім, позитивизм мемлекеттің маңыздылығын алға шығарып, халықаралық құқықты мемлекеттің келісіміне негізделген деп қарастырады. Ол – дәстүр және шарттармен сипатталатын қолданыстағы практика және ол халықаралық құқықтың рөлін қалыптастырады. Осыған сәйкес, Трипель және Страпп сынды позитивистер халықаралық және ұлттық құқық арақатынасын мемлекеттің басымдылығына негіздейді. Сонымен қатар, екі жүйе арасындағы айырмашылық жер мен көктей деген пікірді ұстанады. Бұл идея – дуализм деп аталады, яғни халықаралық құқық және ұлттық құқық бір-бірінен бөлек өмір сүреді, өйткені мемлекетаралық және мемлекетішілік қарым-қатынастың арасында әжептеуір айырмашылық бар.

Бұл көзқарастың тағы бір негіздемесі ретінде халықаралық құқықтың тек ұлттық құқық рұқсат берген жерде ғана жұмыс істейтінін алға тартады.

Дуализм теориясымен келіспейтіндер, мәселен Лаутерпахт пен Кельзен, халықаралық құқық пен ұлттық құқықты бір жүйенің құрамдас бөлшектері деп есептейді. Бұл құқықтық тәртіп бойынша халықаралық құқық ұлттық құқық алдында басымдыққа ие.



Ұлттық құқық нормаларының халықаралық құқықтағы рөлі

Жалпы ережелерге сәйкес, халықаралық құқықтың нормаларын бұзған мемлекет сол іс-әрекеттері үшін өзінің мемлекеттік (ұлттық) құқығына сілтеме жасап ақтала алмайды. Мемлекет жауапкершілігі туралы Халықаралық құқық комиссиясы келісімінің 3-бабына сәйкес мемлекеттердің халықаралық заңбұзушылық ретінде танылған іс-әрекеттері халықаралық құқықпен ғана қарауға жатады. Мұндай жерде қолданылатын құқықты анықтау мемлекеттің ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілмейді.

Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 27-бабына сәйкес, конвенцияға қатысушы мемлекет халықаралық шартпен белгіленген міндетін орындай алмаса, ақталу ретінде өзінің ішкі құқығына сүйене алмайды.

Міндеттеменің арбитражда қолданылуы (Applicability of the Obligation to Arbitrate) атты танымал істе Халықаралық сот халықаралық құқық ұлттық құқықтан басым болады деген негізгі принциптің маңыздылығын көрсеткен еді. Ал Локерби (Lockerbie) ісінде мемлекеттің ұлттық құқық аясында халықаралық міндетін орындай алмауы қорғану амалы ретінде қолдануға жатпайды деген тұжырым жасалды.

Бұл көзқарас Ла Гранд (LaGrand) ісінде одан әрі беки түсті. Аталған іс бойынша ағайынды Ла Грандтардың заңгер-кеңесшісі әрі соттағы өкілі АҚШ-тың процессуалды заңнамасына сәйкес, АҚШ соты Консулдық қатынастар туралы конвенцияны бұзды деп айыптауға құқығы болмады. Бірақ Халықаралық сот бұл ішкі заң АҚШ-ты халықаралық міндетінен босатпайды деген шешімге келді.

Салыстыру үшін келесі кейсті қарастырайық. Электроника Сикюла Спа (Electronica Sicula SpA) ісінде БҰҰ-ның Халықаралық соты келесідей шешімге келді: «елдегі жария биліктің ұлттық құқықты бұзғандығы оның міндетті түрде халықаралық құқықты бұзғандығын білдірмейді».

Бұл бір жағынан ұлттық құқықтың халықаралық құқыққа әсер ете алмайтыны көрінсе, екінші жағынан, ұлттық құқықтың маңызын жоққа шығармайды. Керісінше, халықаралық құқық жақсы жұмыс істеуі үшін ұлттық құқықтың маңызы өте жоғары. Мысалы, мемлекеттің белгілі бір сұраққа қатысты құқықтық позициясын ұлттық құқықты зерттеу арқылы түсінуге болады.

Одан басқа, ұлттық құқыққа үңілу арқылы мемлекеттің халықаралық құқық міндетін қаншалықты орындап жатқанын анықтауға болады. Польшаның Жоғарғы Силезиясындағы Германия мүддесі (Certain German Interests in Polish Upper Silesia) ісінде Тұрақты халықаралық сот мынадай қортындыға келді: «Ұлттық заңдар осы соттың және халықаралық құқық көзқарасы тұрғысынан мемлекеттің іс-әрекеттері мен қалауын білдіретін фактілер болып саналады».

Халықаралық құқықтың ұлттық соттармен қаралуы

Мемлекеттердің халықаралық құқыққа сәйкес іс-әрекет жасау керек деген жалпылама міндеті бар. Халықаралық құқық нормасын бұзған мемлекет, мейлі ол атқарушы, заң шығарушы немесе сот билігі болсын, халықаралық құқық аясында жауапкершілікке тартылады.

Одан басқа, халықаралық шарттар аясында мемлекеттерге белгілі бір талаптар қойылса, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің резолюциялары мемлекеттерге шара қолдануды талап ете алады. Осы және басқа да себептерге байланысты халықаралық құқықтың ұлттық құқықтағы рөлінің зор екендігін көруге болады. Осының әсерінен жергілікті соттар жиі халықаралық құқықтық нормаларымен байланысқан істерді қарайды. Соттар халықаралық құқықтық норманың мағынасын анықтай отырып, дауларды шешеді.

Халықаралық құқықтың мемлекетте қалай қолдану қажеттігін мемлекеттің конституциялық құрылымы анықтайды. Ұлыбританияда, мысалы, негізгі принцип ретінде билік тармақтарының бөлінісі болып табылады: Парламенттің басымдылығы және Сот жүйесінің тәуелсіздігі. Ендеше ұлттық құқық пен халықаралық құқық арақатынасын Ұлыбритания тәжірибесі туралы Малколм Шоудың түсіндіруіне үңілейік.



Ұлыбритания

Ұлыбританияның немесе Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің жария тәртібі айқын орнатылған халықаралық құқық нормаларының орындалуын анық мойындайды. Дегенмен бұл сот органдары міндетті түрде үкіметтің халықаралық құқықты сақтауын қамтамасыз етіп отырады дегенді білдірмейді.

Халықаралық құқықтың бір юрисдикция аясында қолданылуы туралы әртүрлі теориялар бар. Солардың бірі – **трансформация доктринасы**. Бұл дегеніміз – кез келген халықаралық құқық ережесі немесе принципі юрисдикция территориясында күші болу үшін сол ереже немесе принцип ұлттық құқыққа трансформациялану керек деген сөз. Ондай трансформациялану белгілі бір конституциялық механизммен жүзеге асырылады. Мысалы, Парламент актісі. Қазақстанда бұл механизм ратификация деп аталады, яғни Парламент белгілі бір халықаралық шартты қабылдау үшін арнайы мемлекетішілік заң қабылдайды.

Екінші теория **инкорпорация** деп аталды. Ол бойынша халықаралық құқық автоматты түрде ұлттық құқықтың бір бөлігі деп танылады. Осы теория бойынша ең танымал тұжырымды XVIII ғасырда өмір сүрген заңгер У. Блэкстоун былай тұжырым жасайды: «қай жерде қандай сұрақ туындамасын, ол халықтар құқығының объектісі және осы жерде [Ұлыбританияда] ортақ құқықпен толықтай күшіне енеді, сондай-ақ осы жердің құқығының бір бөлігі болып табылады».

Бұл доктрина дәстүрлі халықаралық құқыққа қатысты. Ал халықаралық шарттарға басқа ережелер қолданылады. Дегенмен қазіргі таңдағы халықаралық құқық бірталай өзгерістерге ұшырады. Бірақ инкорпорациясы теориясының мағынасы сол күйі қалады. Мысалы, Ағылшын соттары Еуропалық одақ аясындағы Еуропалық одақ Сотының және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотының шешімдерімен санасуға мәжбүр. Осы соттардың берген түсіндірмелері Еуропалық одаққа мүше мемлекетке міндетті. Одан басқа, Еуропалық одақ деңгейінде қабылданған көптеген регламенттер мен директивалар осы халықаралық ұйымға мүше мемлекеттер үшін міндетті және тікелей қолданысқа жатады.

Басқаша айтқанда, Англияда ағылшын соттары халықаралық құқықты білуге тиіс деген жалпыға бірдей ереже бар. Ағылшын құқығы жүйесінде *judicial notice* (джудикал нотаис) яғни, соттың хабардар болуы деген ұғым бар. Ағылшын соттары халықаралық құқықты *judicial notice* ретінде қабылдайды десек, сот халықаралық құқық туралы хабардар деген сөз. Бұл жердегі мәнді түсіну үшін шетелдік құқықпен салыстырған жөн болар. Ағылшын соттары үшін шетелдік құқық факт ретінде қарастырады, яғни шетелдік құқық туралы қандай да бір пайым не пікір жасалса, сол пайым не пікір дәлелденуі шарт. Онсыз ағылшын құқығы шетелдік құқық туралы пікірлерді қабылдамайды.

Халықаралық құқыққа келетін болсақ, ағылшын соттары ол туралы жасалған пікірлер бойынша дәлелдерді қажет етпейді. Әрине, қате жасалған пікір қабылданбайды, бірақ халықаралық құқықтың нормаларын дәлелдеудің қажеті жоқ. Бұл – Ұлыбритания жүйесіндегі халықаралық құқық пен ұлттық құқық арақатынасын анықтаудың негізгі факторы.

Ұлыбританиядағы Дәстүрлі халықаралық құқық

Дәстүрлі халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың арақатынасының позициясын анықтаған кезде, ағылшын құқықтық жүйесі инкорпорациясы доктринасына басымдық береді. XVIII ғасырда қалыптасқан бұл теорияның дамуы дипломатиялық иммунитеттің кең етек жаюына және табиғи құқық концепцияларының басым болуымен тығыз байланысты еді.

Ағылшын құқық жүйесі прецедентті құқыққа негізделгендіктен, Малколм Шоу келтірген бірнеше кейстерге тоқтала кеткен жөн.

1737 жылы Англияның актісін орындамағы үшін Пруссияның коммерциялық агентін жауапқа тарту туралы Бувоның Барьюға қарсы шағымдану ісінде Лорд Талбот: «халықтар құқығы толықтай Англияның ұлттық құқығының бір бөлігі болып табылады» деп нақтылады. Бұл пікірге жиырма жеті жылдан кейін Лорд Мансфильд Трикеттің Батқа қарсы шағымын қарастырғанда сілтеме жасады.



Дегенмен уақыт өте келе бұл тұжырымдар өзгере бастады. Позитивизмнің өркендеуі мен мемлекет егемендігінің маңызы арта бастады. Соған байланысты трансформация доктринасы қолданысқа ене бастады. Бетбұрысты сәт Патшалықтың Кейнге қарсы ісінде (R v. Keun) ісінде орын алды. Ла-Манш бұғазында неміс кемесі ағылшын кемесімен қақтығысып, ағылшын кемесін суға батырған еді. Неміс кеме капитаны ағылшын құқығы бойынша абайсызда адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін еді. Бірақ ағылшын соты Англия және Уэльс заңнамасында үш мильден әрі қарай, яғни ашық теңізде қолданатын заң жоқ деген қортындыға келді. Осыған байланысты сот ұлттық қылмыстық заңнаманы ол жүрмейтін жерге қолдана алмайды. Сөйтіп, Корольдік соты бұл іске юрисдикциясы жүрмейтінін мойындады, яғни осы арқылы Корольдік сот өзінің халықаралық территорияларға құқығын шектеп қана қоймай, ұлттық құқық пен мемлекеттік сувериненттің шектеулі екенін білдірді.

Тағы бір маңызды кейстердің бірі – Трендекс сауда корпорациясының Нигерияның орталық банкіне қарсы ісі. 1977 жылы Апелляциялық соттың үш судьясы, Трендекс ісіне инкорпорациясы доктринасын лайықты деп тапты. Лорд Дэнингтің айтуынша, «халықаралық құқық нормалары Парламенттің заң шығару актілеріне қарама-қайшы келмесе, автоматты түрде ағылшын құқығына қосылады және оның бір бөлшегі болып табылады». Ал қарама-қайшылық туындаған кезде, соттар халықаралық құқықтың нормасындағы өзгерістерді мойындай алмайды.

Уақыт өте келе, Парламент актілері дәстүрлі құқықтан басым бола түсті. Чан Чи Сунгтың Корольдікке қарсы ісінде (ChungChiCheung v.R) Лорд Эткиннің қорытындысы бойынша халықаралық құқық ұлттық заң арқылы қабылданбаса, оның күші болмайды делінген. Бұдан кейін бірнеше істер қаралды және бұл нақты тұжырым өзгеріссіз қалдырылмады. Мысалы, Кьюдың Сыртқы істер және Достастық хатшысына қарсы ісінде (Keyu v Secretary of State for Foreign and Commonwealth Affairs) ісінде көпмағыналы шешім қабылдаған болатын. Оның ойынша, орнатылған дәстүрлі халықаралық құқық ортақ құқықты қалыптастыра алады және қалыптастыруы керек. Бірақ бұл бейімдеуші сот, конституциялық принцип, статуттық және жалпы ортақ құқық арқылы жүзеге асады. Бұл адаптацияға арнайы Парламент акт қажеті жоқ. Дегенмен дәстүрлі халықаралық құқық ағылшын құқығының бөлшегі дегенде өте сақ болу қажет. Соттар дәстүрлі халықаралық құқықтың белгілі бір ережесін қараған кезде, бірнеше факторды таразыға салады:

- инкорпорация жасауға конституциялық кедергі;
- дәстүрлі норманы ұлттық құқық жүйесінде қолдану мүмкіндігі;
- жалпыға бірдей құқықтың бұрынғы ережелері, яғни сот шешімдері, сонымен қатар, жария тәртіп.

Халықаралық шарттар

Инкорпорация доктринасы дәстүрлі құқыққа қолданылады. Халықаралық шарттарға қатысты ереже сәл басқаша. Ұлыбританияның атқарушы билігі халықаралық шарттарға қол қойып, ратификациялауға құқығы бар. Алайда Ұлыбритания билігіне Парламенттің келісімінсіз ақ халықаралық шарттарды ратификациялаудың кейбір шектеулері бар. Мысалы, Рейнердің Ұлыбританияның Сауда және инустрия департаметіне қарсы шағымын қараған істе (J. N. Rayner v. Department of Trade and Industry) Лорд Оливер егер халықаралық шарт азаматтардың бұрыннан бар құқықтары мен міндеттеріне өзгеріс әкелсе немесе жаңалық қосса, онда ол шарттың Ұлыбритания территориясында күші болуы үшін Парламенттің келісімі керек деген пікір айтты. Мұндай келісім халықаралық норманы ұлттық құқыққа дәл инкорпорациялауы керек.

Бұл мәселе атышулы Миллер кезінде көтерілді. Ол бойынша Үкіметтің Еуропалық Одақтың халықаралық шарттарынан өз бетінше шығуының заңдылығы талқыға салынған еді.

2017 жылдың қаңтар айында Ұлыбританияның Жоғарғы соты мынадай шешім шығарды: Министрлер кабинеті Парламент ондай шешім шығаруға арнаулы құзірет бермесе, халықаралық шарттардан, оның ішінде конституциялық механизмді өзгертетін (яғни жеке тұлғаның құқығы мен міндеттерін қозғайтын) шарттан өз бетінше шыға алмайды.



Малколм Шоу кітабының 4-тарауында Ұлыбританиядағы халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың арақатынасын ашатын көптеген кейстерді табасыз. Бұл нормаларды Қазақстанның халықаралық шарттар туралы заңымен салыстыруға болады. Біздің заңда Парламент арқылы ратификацияны қажет ететін жағдайлар нақты бекітілген. Байқасаңыз, ратификация сөзі Ұлыбритания мен Қазақстанда екі бөлек мағынаға ие, бірақ түп мәні бір.

Сұрақтар

1. Табиғи теориядан позитивимге өткен кезде халықаралық құқық пен ұлттық құқық арақатынасы қалай өзгерді?
2. Халықаралық құқықтың имплементациясына келгенде екі теорияның Англия және Уэльс құқығы бойынша айырмашылығы неде?
3. Ағылшын соты шетел құқығын түсіндіру мен оған қатысты пікірге қалай қарайды?

Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. – Алматы: Жеті Жарғы, 2009. – Стр. 5-19.
2. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 1, Тема 1.6
3. S. Fatima, Using International Law in Domestic Courts, Oxford, 2005.
4. M. Shaw, International Law, 100-119 p.